

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ

Кафедра: «Хирургиялық стоматология»

**Тақырыбы: «Хирургиялық
стоматологиядағы дәлелді
медицина»**

Орындаған: Усарова А.Н.

Факультет: стоматология

Курс: IV

Топ: 12-002-02

Қабылдаған: Стабаева Г.С.

«Дәлелдерге негізделген медицина» немесе «дәлелді медицина» (**evidence based medicine***) термині қазіргі кезде негізгі медициналық мамандардың лексиконында жақын арада пайда болды, соған қарамастан шамалы уақыт ішінде осы термин мәнісінің негізгі ұстанымдары ХХІ ғасыр медицинасының басым идеологиясына айналды.

Бұл терминді Торонто (Канада) қаласындағы Мак Мастер университетінің бір топ ғалымдары 1990 ж. ұсынған болатын.

Evidence based medicine. Термин соңғы кезде жалпы қолданысқа ие болып отырған дәлелді медицина ретінде беріліп отыр. Дәлелді медицина термині клиникалық зерттеулердің синонимы ретінде пайдаланылуымен қатар, диагноз қою, емдеу және алдын алу процестерінің амалы ретінде де қолданылады.

«Дәлелді медицина – медицинаның дәлелдеуге негізделген, ізденісті, салыстыруды және алынған дәлелдерді науқастардың (клиникалық эпидемиология) немесе бүкіл тұрғындардың (дәлелді профилактикалық медицина) мүддесі үшін пайдалануды кең таратуды көздейтін тарауы».

Соңғы кезде «дәлелді медицина» (ДМ) түсінігінің анықтамасы туралы бірнеше варианттар қолданылып жүр:

ДМ – бұл нақты науқасты емдеуге таңдап алу үшін клиникалық зерттеулердің ең жақсы нәтижелерін сапалы, дәл және мәнін түсініп пайдалану (клиникалық эпидемиология);

ДМ – бұл дәрігер пациентпен іс жүргізгенде, пайдалылығы сапалы зерттеулермен дәлелденген, әдістерді қолданумен шектелетін медицинадағы практикалық тәсілдің бір түрі (клиникалық эпидемиология);

- ДМ – бұл клиницистердің байқауын және пациенттердің шағымын (клиникалық эпидемиология) және де тұрғындар денсаулығының жағдайын (қоғамдық денсаулық сақтау) ескеріп, арнайы зерттеулермен алынған, сенімді, маңызды және практикада қолданылатын дәлелдерді жинау, интерпретациялау мен интерграциялауды қамтамасыз ететін медициналық көмек көрсету амалы;
- ДМ – бұл медициналық ақпараттарды жинақтау, қорытындылау және түсіндіру технологиясының жаңа тәсілі.
- Жоғарыда келтірілген анықтамалардың мәнісі қауіпсіздігі, пайдалылығы, тиімділігі, бағасының қолайлылығы т.б. бойынша тұрғындарға (нақты науқасқа) медициналық қызмет көрсету сапасын оңтайландыру болып табылады.

Дәлелді медицинаның негізі болып,
медициналық ақпарат алу үшін тек қана
ғылыми фактылармен дәлелденген,
жүйелі және кездейсоқ қателіктердің әсер
етуін болғызбайтын эпидемиологиялық
әдістерді пайдаланатын, медицинаның бір
саласы «клиникалық эпидемиология»
саналады.

«Клиникалық эпидемиология» термині екі пәннің атынан алынған – «клиникалық медицина» және «эпидемиология»:

«клиникалық эпидемиология» (clinical epidemiology) – бұл «клиникалық» ғылым, өйткені өте сенімді фактыларға негізделген клиникалық сұрақтарға жауап беруге және клиникалық шешімдер ұсынуға ұмтылады. Басқаша айтқанда «клиникалық эпидемиология» - клиникалық зерттеу әдістерін жасайтын ғылым, ол жүйелі және кездейсоқ қателіктердің әсерін бақылай отырып, әділ қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді;

эпидемиологиялық тұрғыдан – ол медициналық ақпарат алу үшін тек қана ғылыми фактылармен дәлелденген, жүйелі және кездейсоқ қателіктердің әсер етуін болғызбайтын, эпидемиологиялық әдістерді пайдаланатын медицинаның бір тарауы. Сондықтан, бұл «эпидемиология» ғылымы, өйткені оның көп жақтарын («қауіпті факторларды» немесе «себепкер факторларды» немесе «себепкерлік модульді» іздеп табу, оның салдары ретінде шығатын ауруларды және оларды жоюға бағытталған тәсілдерді, яғни жауап ретінде қолданатын шараларды) эпидемиологтар зерттейді. Бұл жерде науқасқа берілетін нақты көмек жеке тұлғаға (ауру адам) жататын тұрғындардың үлкен популяциясымен (ауру жұғу қаупі төнген адамдар тобы) бірге қарастырылады;

- эпидемиолог пен клиницистің арасында өзара тығыз байланыс қажет, онсыз нақты адамның және жалпы тұрғындардың денсаулығын қорғау мәселелерін шешуде олардың іс-әрекеті шектеулі және тиімділігі аз болады.
- Клиникалық эпидемиологияның ең басты постулаты – медициналық практикадағы кез келген шешім қатал дәлелденген фактыларға сүйенуі керек, олар дәлелді медицина үшін негіз болып табылады.

Дәлелді медицинаның міндеті – дәрігерлер үшін ғылыми зерттеулер нәтижелерін нақты клиникалық және профилактикалық шешімдер мен ұсыныстарға айналдыру.

Медициналық ақпараттың сенімділік және мәнділік дәрежесін, яғни «дәлелдігін» анықтау дәлелді медицинаның маңызды аспектісі болып отыр.

Дәлелдік медицинадағы негізгі принципі:

- *Клиникалық зерттеулерде нақты мәліметтер алу және науқасқа тиімді шешімдерін қабылдауға көмектеседі.*

- *ДМ негізінде диагностика, профилактика және емдеу әдістерінің клиникалық зерттеулерде әсерлілігі мен қауіпсіздігін тексеру жатады. ДМ тәжірибесі ретінде дәрігердің клиникалық жұмысындағы зерттеулерден алынған мәліметтерді пайдаланады. Тәжірибелік дәрігерлерге арналған клиникалық нұсқаулар келесідей аспектілерге қатысты дәрігерлердің жұмысын жетілдіруге көмектеседі:*
- ◆ *Дәрігер жұмысында кездесетін қиыншылықтарды анықтау*
- ◆ *Ауруды сипаттау (этиология, таралуы, клиникалық көрінісі және т.б.).*
- ◆ *Диагностикалық шаралардың сызбасы (тексеру бағдарламасы, диагностикалық іс-әрекеттерді жүргізуге көрсеткіштер және қарсы көрсетілімдер).*
- ◆ *Емдеу (іс-әрекет, нақты емдеу шараларын сипаттау, талаптары және емді тоқтату)*
- ◆ *Асқынулар, болжам, ауруханаға жатқызу көрсеткіштері.*

Шешім қабылдаудағы 4 қадам

- *Алгоритм келесіде белгіленеді:*
- *1. Мәселенің Туындалуы*
 - *Мысалы:*
 - *Тіс техникалық лабораториядағы жасалған және тікелей жасалған винирлердің кайсысы шыдамды*

2 қадам

- *Мәселе жөніндегі әдебиеттерді іздеу*
 - *Ұлтаралық Медициналық кітапхана АҚШ (NLM)*
 - *Кокран кітапханасы*
 - *Medline*

3 қадам

- *Табылған ақпараттың бағалануы және оның қорытындылануы*
- *Ғылыми үрдісінің қалыпты дамуы оның тексерілуіне тура келеді.*

4 қадам

■ **Негізгі үш қадамнан алынған ақпараттың практикада қолданылуы және оның таралуы.**

- 1. Клиникалық рекомендацияларының жасалуы**
- 2. Деректер базасының жасалуы**
- 3. Арнайы электронды журналдардың басылуы**

Қорытынды

- *ДМ бұл- медициналық зерттеулердің ғылыми-негізделген қорытындыларын қолдану және алу тәжірибесі. ДМ принциптерін тәжірибелік дәрігерлерге білу міндетті, себебі бұл принциптер ақпаратты қалай дұрыс қолдану, қандай баспа құралдары және қандай нұсқаулықтарға сену керек деген сұрақтарға жауап береді. Медициналық- биологиялық мәліметтерді алу және талдау жасаудың замануи талаптарын білу дәрігер зерттеушілер үшін маңызды себебі дәрігер зерттеушілер медициналық баспа құралдарының оқырманы ғана емес сонымен қатар бұл баспалардың авторы болып табылады. ДМ дұрыс және тәжірибеде қолданылатын зерттеу қорытындыларын алуды үйретеді. ДМ денсаулық сақтау басқармасына қандай әдістемелік нұсқаулықтарды және көмек стандарттарын енгізу, қандай дәрілерді сатып алу керектігін, яғни тиімді денсаулық сақтауды ұйымдастыруды үйретеді. Evidence-Based Medicine үлкен тексерілетін клиникалық зерттеулердің нәтижелері туралы қорытылған мәліметтерді қолдануға негізделген тиімділікті жоғарылатуға арналған қазіргі заманғы емдеу болып табылады.*